

811.512.122

А 37

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы



Л. П. АҚТАНОВА

**Мемлекеттік қызметшілерге
арналған мәтіндер жинағы**

*Бастауыш топ тыңдаушыларына
арналған оқу құралы*

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы

Л. П. АҚТАНОВА

**Мемлекеттік қызметшілерге арналған
мәтіндер жинағы**

Бастауыш топ тыңдаушыларына арналған
оқу құралы

Астана – 2009

УДК 811.512.122 (07Б)

~~ББК 81.2 Каз. яз.~~

А 37

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Рецензенттер:

М. Қ. Ескеева – филология ғылымдарының докторы, профессор


Т. М. Қанғожина – филология ғылымдарының кандидаты

А37 Ақтанова Л. П.: Мемлекеттік қызметшілерге арналған мәтіндер жинағы: оқу құралы, – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2009. – 134 бет.

ISBN 9965-797-69-2

Оқу құралы мемлекеттік қызметшілерге (бастауыш топқа) қазақ тілін үйретуге арналып жазылды. Мұнда мемлекеттік қызметшілер тілінде жиі кездесетін лексиканы қамтитын мәтіндер, мәтінге қатысты кейбір грамматикалық түсініктемелер, сөздік және терминдермен жұмыс істеу, тіл дамыту үшін тапсырмалар берілген.

Әр мәтін соңында тақырыпты нысықтауға жүйелі түрде тест сұрақтары берілді. Бұл оқу құралы тыңдаушылардың ғылыми тіл байлығын дамытуға және танымдық қосымша мәтіндер арқылы олардың дүниетанымдық ой-өрісін кеңейтуге, тілдік қорын молайтуға бағытталды.



УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Каз. яз.

© Ақтанова Л.П., 2009

© ҚР Президентінің жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясы, 2009


ISBN 9965 – 797 – 69 – 2

АЛҒЫ СӨЗ

Оқу құралы: бастауыш топта оқитын мемлекеттік қызметшілерге арналған. Мұндағы ұстанған негізгі мақсат – мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару саласында күнделікті қолданылатын қоғамдық-саяси терминдер мен жиі жұмсалатын тұрақты орамдармен жұмыс істеу арқылы тыңдаушылардың тілін дамытып, оны қызмет бабында қолдана білуге үйрету. Осы мақсатта үйренушілердің тілін дамыту, лексикалық қорын байыту үшін мәтіндермен жұмыс жүргізу – оқыту процесіндегі тиімді тәсілдердің бірі. Тақырыптардың мемлекет, қоғам өміріндегі барлық саланы (экономика, тарих, ауыл шаруашылығы, өндіріс, мәдениет т.б.) қамтуы, мазмұндылығы бүгінгі күн талабына сай.

Әр мәтіннің мазмұнын ашатын түрлі тапсырмалар (тілді үйренушінің сөздік қорын байыту, стильдік ерекшеліктерді білу, сөзді дұрыс қолдана білу) оқу құралының пайдалы, ұтымды тұсы деп есептейміз. Қажетті тұстарда тапсырмаларға қатысты кейбір грамматикалық түсініктемелер де беріліп отырды. Тақырыпты бекіту үшін жаттығу жұмыстары түрлендіріліп берілді. Әр мәтіннің мазмұнын ашатын мақалмәтелдер, тұрақты сөз тіркестері мен қанатты сөздер де мақсатқа лайықталып беріліп отырды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



1-тақырып.

Қазақстан Республикасы

Мәтінді оқып, талқылаңыздар.

Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Құрлықтың орталық бөлігінде орналасқан. Республика жері батыстан шығысқа 3000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке 1600 шақырымға созылған. Қоңыржай белдеудің негізінен орталық және оңтүстік ендіктерін, ал қиыр оңтүстігінде субтропикке өтпелі белдеуді қамтиды. Солтүстігінде Ресей Федерациясымен (ұз. 6467 км), оңтүстігінде Түркіменстан (380 км), Өзбекстан (2300 км) және Қырғызстан (980 км) Республикаларымен, шығысында Қытаймен (1460 км) шектеседі, батысында Каспий теңізі (600 км) орналасқан. Жер аумағы 2724,9 мың шаршы шақырым. Халқы 15 миллионнан астам адам. Оның 9 миллионға жуығы немесе 60 %-дайын қазақтар құрайды. Республикада 131 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Астанасы – Астана қаласы. Әкімшілік жағынан 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады. Одан басқа Қазақстанда 85 қала, 160 аудан, 176 кент, 2237 ауылдық округке біріккен 7719 ауылдық елді мекендер. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге, 1993 жылы 15 қарашада енгізілген.

Қазақстан – 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституция бойынша – өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғарғы өкілді органы – Парламент. Ол республиканың заң шығару қызметін жүзеге асырады. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенатқа әр облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан екі адамнан сайланады. Сенаттың 7 депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылған, сайлау шылар саны шамамен тең болатын бір мандатты аумақтық сайлау округтары бойынша сайланатын алпыс жеті депутаттан және партиялық тізім бойынша сайланатын 10 депутаттан тұрады. Президент Үкіметті Конституцияда белгіленген тәртіппен құрады. Тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы республика Президентіне ұсыныс енгізеді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңестің төрағасын республика Президенті тағайындайды.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ол заңмен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және республиканың жергілікті соттары болып табылады. Жергілікті мемлекетті басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік (мәслихат) және атқарушы органдар (әкімдік) жүзеге асырады.

Сөздік:

ендік – широта

елді мекен – населенный пункт

зайырлы – светское

ұсыныс – предложение

тағайындайды – назначает

аумақтық – территориальный

Есте сақтаңыздар!

Синтаксис – Сөз тіркестері мен сөйлем, сөйлемнің түрлерін зерттейтін ғылым.

Сөз тіркесі – екі немесе одан да көп бірнеше сөздің мағыналық байланысы.

Сөйлем – аяқталған ойды білдіретін сөздер тобы. Белгілі бір сұраққа жауап береді.

1-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан қай құрлықта орналасқан?
2. Республика жері қандай мемлекеттермен шектеседі?
3. Қазақстанда шамамен қанша ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады?
4. Әкімшілік жағынан неше облыс пен қаланы қамтиды?
5. Республика өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды?
6. Республикадағы заң шығару қызметін қандай орган атқарады?

2-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

3-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Сөздерді синонимдік қатармен толықтырыңыздар.

Құрлық, қоңыржай, белдеу, шектесу, қала, мекен, теңге, біртұтас, зайырлы.

4-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Орталық бөлігі, зайырлы мемлекет, біртұтас мемлекет, ауылдық округ, ұсыныс енгізді, сайлаушылар саны, Конституцияда белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару.

5-тапсырма. Оқылым бойынша тест жұмысы.

1. Қазақстан Республикасы әкімшілік жағынан

А) 16 облыстан және республикалық маңызы бар 5 қаладан тұрады.

В) 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады.

С) 14 облыстан және 4 қаладан құралған.

Д) 2 республикалық маңызы бар қаладан және 16 облыстан тұрады.

2. Республиканың тоғыз миллионға жуығын

А) өзге ұлт өкілдері құрайды.

В) қазақстандықтар құрайды.

С) қазақ ұлт өкілдері құрайды.

Д) жалпы халық құрайды.

3. Конституциялық Кеңестің төрағасын тағайындайтын

А) министр

В) Президент

С) әкім

Д) төраға

4. Қазақстан –

А) демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет

В) тәуелді, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет

С) зайырлы, құқықтық және әлеуметтік емес мемлекет

Д) құқықтық және әлеуметтік, кеңестік мемлекет

5. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ...

мүшеден тұрады

А) жеті

В) он бір

С) жиырма төрт

Д) тоғыз

6. Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің

жай-күйіне жауапты ...

А) жергілікті өкілдік және атқарушы органдар

В) Қазақстан Республикасы әкімшілігі

С) Конституциялық кеңестің төрағасын тағайындайтын

Д) демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет

7. Еліміздің оңтүстігі...

А) Ресей Федерациясымен шектеседі

В) Түркіменстан, Өзбекстан және Қырғызстан Республикаларымен шектеседі

С) Қытаймен шектеседі

Д) Алтай тауымен шектеседі

8. Республиканың заң шығару қызметін жүзеге асыратын –

- A) заң шығару
- B) Жоғарғы сот
- C) Парламент
- D) Мәжіліс

Үйге тапсырма: Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, есте сақтаңыздар.

1. Ер – елінде, гүл – жерінде.
2. Отан үшін күрес – елге тиген үлес
3. Орағың өткір болса, қарың талмайды,
4. Отаның берік болса, жауың алмайды.
5. Егілмеген жер жетім, елінен айырылған ел жетім.
6. Ерінен айырылған көмгенше жылайды,
Елінен айырылған өлгенше жылайды.
7. Ортақ шаңырақ биіктігі – ортақ босаға биіктігі

2-тақырып.

Қазақстан Республикасының Конституциясы



Мәтінді оқып, талқылаңыздар.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні. Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл

азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз.

30 тамыз – 1995 жылы республикалық референдумда Конституцияны қабылдау күні мемлекеттік мерекесі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ретінде жарияланды.

1926 жылғы Қазақ СССР Конституциясы

Қазақстанның бірінші Конституциясы СССР құрылған соң 1925 жылы 18 ақпандағы ҚазАССР Орталық атқарушы комитет қаулысының нақты редакциясымен және Қазақстан РСФСР қол астында болғандықтан 1925 жылғы РСФСР Конституциясының есебімен қабылданды. Аталмыш негізгі заң басқару формасын, мемлекет құрылымын, саяси тәртіпті, мемлекеттік билік органдарының құрылымын, атқарушы-басқаратын органдардың құрылымын бекітті. Бюджет, сайлау құқықтарының белсенді және енжер бастау негіздері анықталды. Осы Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамында тең құқықты республика болды.

1937 жылғы Қазақ СССР Конституциясы

1937 жылғы 26 наурызда X бүкіл қазақтар құрылтай кеңесінде қабылданған Қазақ СССР Конституциясы 11 бөлім және 125 баптан құралды. Онда былай деп жазылған: «СССР Конституциясының 14-бабынан тыс Қазақ СССР-і өзінің тәуелсіз құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті өз бетімен жүзеге асырады». Сонымен қатар, 1937 жылғы Конституцияда басқа тең құқықты республикалармен экономика, қорғаныс бағытында өзара жәрдемдесу мақсатында ерікті түрде бірігу (13-бап), мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқығын қорғау, салық өндіру және т.б. (19-бап) қамтылған.

1937 жылғы Конституцияда азаматтардың негізгі міндеттері мен құқықтары анықталған: еңбектенуге құқылы болу (96-бап), демалысқа құқылы болу (97-бап), кәрілікте, еңбекке жарамсыздық және ауруға шалдығу жағдайында материалдық қамсыздандыру (98-бап), денсаулықты қорғау, сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс, митинг, көше шерулері және демонстрациялардың кепілдіктері, адамның жеке басына, баспанасына қол сұғылмаушылық, азаматтардың жат жазуына, шетелдік азаматтардың бас сауғалау құқығы.

1978 жылғы Қазақ СССР Конституциясы

1978 жылғы 20 ақпанда республиканың Жоғары Кеңесі шақырған кезектен тыс VII сессияда қабылданған Қазақ СССР

Конституциясы преамбуладан, 10 тарау, 19 бөлім, 173 баптан тұрады. Билік және басқару органдарының үстінен Қазақ СССР Коммунистік партиясы қойылды (6-бап).

1978 жылғы Конституцияда республиканың ұлттық мемлекеттік және әкімшілік-территориялық құрылымы, жергілікті билік және басқару органдарының құзыреті (78-83, 97-139-баптар), сайлау жүйесінің қағидаттары, халық депутаттарының құқықтық мәртебесі, экономикалық және әлеуметтік дамытуды мемлекеттік жоспарлау институттары, мемлекеттік бюджет, сот төрелігі, арбитраж, прокурорлық қадағалау және т.б. анықталған болатын.

1990 жылдардың басында Қазақ ССР-інде, содан кейін Қазақстанда бірнеше заң қабылданды, онда 1978 жылғы Конституцияға елеулі өзгертулер енгізілді. Басқа да заңдардың арасында 1991 жылғы 15 ақпандағы «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ СССР халық депутаттарының жергілікті Кеңесі туралы» Заң, 1991 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңы, 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» конституциялық заңы және тағы басқалар бар.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы Қазақстанның Жоғары Кеңесінің IX сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтардағы XII шақырылымында қабылданды. Құрылымы преамбуладан, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады. Конституция мемлекеттік тәуелсіздік алған күнінен бастап көптеген құқықтық нормаларды қамтыды: халық тәуелсіздігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, билікті бөлу қағидаттары, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындау, Президентті мемлекет басшысы ретінде мойындау, сот органдары – Жоғары, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар және басқалар. 1993 жылғы Конституцияның негізіне парламенттік республика моделі жатады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданды. Қазақстандағы референдум (30 тамыз 1995 жыл). Бұл күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Консти-

туциясы күні. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілдігін кеңейтетін елеулі өзгерістер енгізілді.
(Қаз. энциклоп. 5 томынан)

Сөздік:

қоғамдастықта – в сообществе
өндіру – производить
қамсыздандыру – обеспечивать
өкілдігін – представительство
енгізілді – внедрить

Есте сақтаныңдар!

лық, (-лік), -дық (-дік), -тық (-тік) жұрнағы зат есімдерге, сын есімдерге, қимыл есімдеріне, сан есімдерге жалғанып, жаңа сөз тудырады:

Мысалы:

- 1) қала (город) – қалалық (городской)
қыс (зима) – қыстық (зимний)
мұрын (нос) – мұрындық (палочка, вставляемая верблюдам в ноздри)
күз (осень) – күздік (осенний)
бала (дитя) – балалық (детство)
балықшы (рыбак) – балықшылық (рыболовство)
- 2) жақсы (хороший) – жақсылық (доброта)
жұмыссыз (безработный) – жұмыссыздық (безработица)
- 3) айтар (причастная форма от айт говорить) – айтарлық (то, что можно было бы говорить)
алты (шесть) – алтылық (шестерка)
он (десять) – ондық (десятка)

1-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚР Конституциясында неше бөлім бар?
2. ҚР Конституциясында неше бап бар?

3. ҚР Президенті неше жылға сайланады?
4. ҚР Президенті болып неше жастан сайлануға болады?
5. ҚР Парламенті неше Палатадан тұрады?
6. Сенат неше депутаттан тұрады?
7. Мәжіліс неше депутаттан тұрады?
8. Үкіметтің міндеті неде?
9. Премьер-Министрдің қызметі қандай?
10. Жергілікті өкілді органдарды кімдер басқарады?

2-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Берілген сөйлемдерді аяқтаңыздар

1. Адамның жоғарғы байлығы – ...
2. Барлығы заң және ... алдында тең дәрежелі.
3. Адамның жеке мүддесі ... арқылы қорғалады.
4. Әр адам еркіндік пен ... құқылы.
5. Әр адамның өз пікірі және ... болуы керек.
6. Әр адам өз денсаулығы мен ... алуға құқылы.
7. Әр адам табиғатты қорғап оны күтіп ... сақтауы тиіс.
8. ҚР азаматтары өз құқығы мен міндетін ... жастан іске асыра алады.
9. ҚР Президенті ... иегері.
10. ҚР Парламенті екі палатадан тұрады ...

3-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Мәтінді оқып, сөйлемдердің орналасу тәртіптеріне назар аударыңыздар және жұрнақ-тар арқылы жасалған сөздерді табыңыздар.

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет болып саналады. Мемлекеттің жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенттік басқару нысанындағы бөлінбейтін бір тұтас мемлекет. Мемлекеттік биліктің біздің еліміздегі бірден бір қайнар көзі – халық. Бұл біздің құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз жайындағы байыпты да парасатты кітап. Конституцияны мұқият оқып-үйренген жөн. Өйткені онда жазылған заң талаптарын өзімізде байқай берместен, күн сайын қолданып отырамыз.

Қазақстан Республикасы азаматының бөлінбес құқықтарының бірі ретінде біздің мектепте оқып, білім алуымыз құқығы да Конституцияда жазылып қойылған.

Конституция мынандай 9 бөлімнен тұрады: Адам және азамат; Президент; Парламент; Үкімет; Конституциялық кеңес; Соттар және сот төрелігі; Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару; Қорытынды және өтпелі ережелер.

5-тапсырма. Оқылым бойынша тест жұмысы.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні –

- A) 30 қараша
- B) 30 тамыз
- C) 30 қазан
- D) 30 шілде

2. 1993 жылғы Конституцияның негізіне ... республика моделі жатады.

- A) парламенттік
- B) президенттік
- C) монархиялық
- D) корольдік

3. Конституция ... бөлімнен тұрады

- A) 9 бөлімнен
- B) 8 бөлімнен
- C) 7 бөлімнен
- D) 6 бөлімнен

4. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті Кеңесі туралы» Заң ... қабылданды

- A) 1991 жылы 15 ақпанда
- B) 1991 жылы 30 тамызда
- C) 1991 жылы 14 қарашада
- D) 1995 жылы 30 тамызда

5. 1937 жылғы 26 наурызда X бүкіл қазақтар құрылтай кеңесінде қабылданған Қазақ ССР Конституциясы ...

- A) 11 бөлім және 105 баптан құралды
- B) 10 бөлім және 125 баптан құралды
- C) 11 бөлім және 125 баптан құралды
- D) 10 бөлім және 105 баптан құралды

Үйге тапсырма: Мақал-мәтелдердің мағынасын ашып көрсетіп, жаттап алыңыздар.

Ынсап, ұят, терең ой –
Асыл зейнет ойлап қой.
Ұлық болсаң, кішік бол
Мал сақтама, ар сақта.
Еңкейгенге еңкей,
Атаңның қара құлы емес.
Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
Кішіпейілділіктен - кішіреймессің.
Таспен ұрғанды, аспен ұр.
Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер.

3-тақырып.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Мәтінді оқып, талқылаңыздар

Қазақ халқы көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізді. Егемен мемлекет болды. Әрбір азат елдің өзінің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілері болады. Олар сол елдің Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы. 1992 жылы 4 маусымда егемен еліміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.

Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уалиханов. Елтаңбамыздың негізі шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ мемлекеттің түп-негізі отбасының бейнесі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың отбасының бейнесі. Тұлпар дала дүлдүлі, ер-азаматтың сәйгүлігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Шаңырақтың айналасындағы уықтарды тұлпардың қанаты қоршап тұр. Қанатты тұлпар – қазақ

поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани-байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бетбейнесін паш етеді. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бесбұрышты жұлдыз оның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.

2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұраны қабылданды. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының әнұраны деп жарияланды. Кезінде Жұмекен Нәжімеденов жазған ән сөзіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді. Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, әнұранның мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты. Екіншіден, мәтінде асыл мұрамыз – еліміздің кең байтақтығы, үшіншіден, жерменелбайлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі – ел бірлігі баса айтылған.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің бірі – Мемлекеттік Ту. Оның авторы – суретші Ш. Ниязбеков. Мемлекеттік туымыз бірыңғай көгілдір түсті. Бұл түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанды елестетеді. Бұлтсыз ашық аспан әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық белгісі мен жақсылықтың нышаны. Көк түсті таңдауы – Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын білдіреді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп, өркендеудің, өмірдің бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің билік, айбындылық белгісі. Күннің астындағы қалықтаған қыран елдің еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін жария етіп тұрғандай. Ағаш сабына бекітілген тұстағы тік жолақ ұлттық оюлармен өрнектелген. Күн, қыран, ою-өрнек алтын түсті.

Сөздік:

азат елдің – свободной страны

түп-негізі – основа

бейне – образ, облик

тәж – корона
көрініс – вид
рухы – дух

Есте сақтаңыздар!

Қосымшалар, негізінен, сөздің соңғы буынындағы дауысты, дыбыстың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша я жуан, я жіңішке жалғанады да, естілуінше жазылады: *ең-бек + ші + лер + іміз + дің, жұ-мыс + шы + лар + ымыз + дың, кі-тап + тың, мұға-лім + нің, га-зет + ке, ки-но + га, ко-нус + ты.*

Соңғы буынында (бір буынды сөздің өзінде) у дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жуан жалғанады: *курс-қа, авто-бус +қа, инсти-тут +қа, кани-кул +га, тай-фун + ның, шу-руп + ты.* Бұл ережеге г дыбысына аяқталатын сөздер мен жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздер және бль, ль дыбыстарына аяқталатын сөздер бағынбайды, оларға қосымша жіңішке жалғанады: *ок-руг-ке, руль-ге, пат-руль +ге, ансамбль +ге, ансамблі.*

1-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әрбір азат елдің өзінің тәуелсіздігін білдіретін қандай белгілері болады?

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?

3. Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары кімдер?

4. Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

5. Мемлекеттік әнұранымыздың авторларын атаңыз.

2-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Берілген сөйлемдерді етістіктің келер шағына өзгертіп жазыңыздар.

1. Егеменді Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз мемлекеттің алдында елде нарықтық экономиканы қалыптастыру;

2. Саяси тұрақтылық, ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға бағытталған кең көлемді шараларды іске асыру;

3. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты, ең алдымен, елдегі демократиялық институттарды дамыту;

4. Елдің күнделікті өміріне сөз бостандығын, сайлау құқығын, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді құру;

5. Саяси партиялар мен бейүкіметтік ұйымдардың қызметін жетілдіру.

3-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Берілген сөздерге қарама-қарсы мәндегі сөздерді жазыңыздар.

Қуатты, тәуелсіз, көлемді, жаңа, кеңейту, қаланды, қауіпсіздік, қомақты, аяқталады, бұрын, енгізу.

4-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Стратегиялық даму, заман талабы, мемлекет мүмкіндігі, Елбасының даналығы, әлем жұртшылығы, көп ұлтты, күрделі міндеттер, ішкі саясаты, демократиялық институт, күнделікті өмір, сөз бостандығы, сайлау құқығын, бірлестіктерді құру, саяси партиялар, қызметін жетілдіру.

5-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Берілген сөздерді солдан оңға қарай жылдам оқып, сөйлемді шапшаң және дұрыс құрастыруларыңыз қажет.

1. Тұлпардың, қоршап, шаңырақтың, тұр, қанаты, айнала-сындағы, уықтарды.

2. Бейнесі, мемлекеттің, отбасының, түп-негізі, шаңырақ.

3. Тұлпар, Уақыт, қанатты, пен, біріктіреді, Кеңістікті.

4. Қаңтарда, 2006, жаңа, 7, Республикасының, Мемлекеттік, жылы, Қазақстан, қабылданды, әнұраны, әнұраны,

5. Өзінің, басты, болады, әрбір, тәуелсіздігін, азат, білдіретін, елдің, белгілері.

6-тапсырма. Оқылым бойынша тест жұмысы.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәмізі болып табылмайды

A) Әнұран

B) Ту


C) Елтаңба

D) Барыс

2. Мемлекеттік Тудың авторы

A) Е. Жакупов

B) Ш. Ниязбеков



- С) Ш. Қалдаяқов
- Д) Ш. Уәлиханов

3. Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұраны ... қабылданды

- А) 2006 жылы 8 қаңтарда
- В) 2007 жылы 8 қазанда
- С) 2006 жылы 7 қаңтарда
- Д) 2006 жылы 7 қарашада

4. Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары:

- А) Ш. Ниязбеков пен Ш. Уәлиханов
- В) Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов
- С) Ж. Мәлібеков пен Ш. Ниязбеков
- Д) Ш. Ниязбеков пен Ш. Қалдаяқов

5. ... егемен еліміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды.

- А) 1992 жылы 14 маусымда
- В) 1992 жылы 4 қазанда
- С) 1992 жылы 14 шілдеде
- Д) 1992 жылы 4 маусымда

Үйге тапсырма: Нақыл сөздердің мағынасын түсініп, естеріңізде сақтаңыздар.

- Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет.
- Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады.
- Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл

Қожа Ахмет Йассауи

- Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен тумен тең,
Ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең.
- Хан әділ болса, халық ынтымақты болады.

Майқы би

- Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің.

Асанқайғы

- Сәлем – сөздің анасы.

Бұқар жырау

4 – тақырып.

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет

Мәтінді оқып, пікірлесіңіздер.

1991 жылдың желтоқсанында екі тарихи оқиға болды. Біріншіден, аса қуатты мызғымас держава болып есептелетін КСРО мемлекеті таратылды. Екіншіден, одақтық бір мемлекеттің орнына 15 дербес республика пайда болды. Ескі мемлекеттік құрылыс бұзылып, жаңа типтік мемлекет пен жаңа құқықтық жол-мен орныға бастады. Тәуелсіздік конституциялық актілер негізінде құқықтық жолмен орныға бастады. Осындай алғашқы акті 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының егемендігі туралы Декларация» болды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін білдіретін алғашқы маңызды заң актілерінің бірі – 1991 жылы 10 желтоқсанда қол қойылған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының ата-луын өзгерту туралы» заң. Бұл заң бойынша Қазақ КСР-і бұдан былай Қазақстан Республикасы деп аталатын болды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойылып, жаңа тәуелсіз мемлекеттің егемендігі жарияланды. 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда Н.Ә. Назарбаев республика азаматтарының 98,78 % дауысына ие болып, жеңіске жетті.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қысқа мерзім ішінде ұлттық қауіпсіздік құрылымы, қарулы күштер, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік басқару жүйесі сияқты жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің негіздері қаланды.

Егеменді Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз мемлекеттің алдында елде нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократия, саяси тұрақтылық, ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға бағытталған кең көлемді шараларды іске асыру міндеттері тұрды.

Қазақстан Республикасының ішкі саясаты, ең алдымен, елдегі демократиялық институттарды дамытуға бағытталды. Елдің күнделікті өміріне сөз бостандығы, сайлау құқығы, саяси партиялар

мен қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, т.б. азаматтық қоғамның либералдық құндылықтары енгізіле бастады. Қазақстан Республикасында сайлау заңнамасын, бұқаралық ақпарат құралдарының, саяси партиялар мен бейүкіметтік ұйымдардың қызметін жетілдіру, жергілікті өкілетті органдардың өкілеттіліктерін кеңейту бағытында қомақты іс-шаралар жүзеге асырылды.

Сөздік:

аса қуатты – могущественный

мызғымас – нерушимый

сөз бостандығы – свобода слово

сайлау құқығы – право на выбор

либералдық құндылықтар – либеральная ценность

қомақты іс – большое дело

негіздері – основы

Есте сақтаңыздар!

Жай сөйлем бір ғана бастауыш пен баяндауыштан тұрады.

Простое предложение имеет только по одному главному члену предложения – бастауыш и баяндауыш

Мысалы: Қазақстан тәуелсіз мемлекет

Сөйлем айтылу мақсатына қарай төртке бөлінеді: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер.

Предложения по цели высказывания делятся на: повествовательный, вопросительный, повелительный и восклицательный.

Хабарлы сөйлем – белгілі бір оқиғаның болғанын хабарлайды.

1-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. 1991 жылдың желтоқсанында қандай тарихи оқиға болды?

2. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының егемендігі туралы Декларация қай жылы қабылданды?

3. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының аталуын өзгерту туралы заң қай жылы шықты?

4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қай жылы қол қойылды?

5. Қазақстан мемлекеттілігінің негіздері деп нені айтамыз?

6. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты неге бағытталды?

2-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Берілген сөйлемдердегі жіберілген қосымшаларды жазып, қатесін табыңыз Ш. Уәлиханов ... «Би атағын беру қазақта халық тарапы ... бір сайлау арқылы немесе халық ... билеп отырған өкімет тарапы ... бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптары ... әбден жетік, сонымен қатар тіл ... шешен қазақ ... ғана бұл құрметті атақ ... өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласы ... тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», деген сөздері ... би халық ... көкейіндегісін айтқан, жарық ... шығарған әділет жоқшысы екенін тани

3-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Берілген сөздердің мағыналас қатарын табыңыз, әр сөзді пайдаланып сөйлемдер құрастырыңыз.

Егемен, құрылым, алғашқы, алғашқы, келісім, дамыту, құнды, бұқара

4-тапсырма. Жазылым жаттығулары. Төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, құрмалас сөйлемдер құрастырыңыздар.

Конституциялық актілер, құқықтық жолмен, аталуын өзгерту, ұлттық қауіпсіздік, қарулы күштер, кең көлемді шаралар, саяси тұрақтылық.

5-тапсырма. Айтылым жаттығулары. Берілген сөздерді солдан оңға қарай жылдам оқып, сөйлемді шапшаң және дұрыс құрастыруларыңыз қажет.

1. Бас, заңы, елдің, Конституциясы, Қазақстан, Республикасының

2. 1995 жылдың, ол, референдумда, республикалық, 30 тамызда, қабылданды.

3. Сәйкес, Конституцияға, Республикасы, Қазақстан, - біртұтас, мемлекет.

4. Ең қымбат, Республиканың, қазынасы, бостандықтары, - адам, және, адамның, өмірі, құқықтарымен.

5. Мемлекет, нысанындағы, біртұтас, - президенттік, басқару, Республикасы, Қазақстан.

6. Шығарушы, өкілетті, Парламент, жоғары, заң, орган -

7. Тағайындайды, Премьер-министрдің, облыс, ұсынысы, бойынша, әкімдерін, Президент.

Үйге тапсырма: Берілген мәтіндегі мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жазыңыздар, естеріңізде сақтаңыздар.

Сөз сөйлеушінің ойың, сезімін білдіріп қана қоймайды, оның мінездемесі де болып табылады. Сондықтан кісінің тәрбиелік деңгейі көбіне сөзінің сипатынан байқалады.

Қазақ халқында: «Өнер алды –», «Тіл тас жарады,», «Сөз жүйесін тапса,», – деген мақалдар бар. Бұл – халқымыздың тіл күдіретін танып әрі өте ардақтағанын көрсетеді. Халық қашанда сөздің адамдар арасындағы атқаратын қызметіне, сөйлеудің парқына және қай жерде қалай сөйлеуге айрықша мән берген. «Таяқ еттен өтеді,», «Жанды жаралайтын да сөз,», «Жақсы сөз –.....», «Жақсы лебіз –», «Оқ жарасы бітер,», «Тау мен тасты жел бұзар,», – деген сияқты мақалдар сөздің бұзушы және түзеуші зор күш екенін, сөйлеу білудің орасан зор маңызын танытады.

Шынында да, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған ролі жоғары. «Жылқы кісінескенше,», – дегендей, адамдар бір-бірімен сөз арқылы ұғысып, танысып, жақындасып, өзгені де сөзі арқылы танып, өзін де сөз арқылы танытады. Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы. Сондықтан да сөзді шашпатөк тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайды. Білімпаздар айтқандай: «Сөз қадірі –, сөзі құпсыздың»..

Қалай да сөздің адамға жағымды немесе жағымсыз әсері орасан зор екені даусыз. Біздің халқымыздың: «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады», – деген тамаша мақалы жылы да жағымды

сөйлеудің қаншалық керемет күшке ие екендігін аңғартады. Халық жырларында азуын айға білеген айтқыш ділмарларымызды тілінен «Тәтті айтқанда,, ащы айтқанда,,» – деп сипаттайды. Ал «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», – деген мақалда да кәрі тарих мақұлдайтын шындық бар.

5-тақырып.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі

Мәтінді оқып, жаңа мәліметтермен толықтырыңыз.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында қалыптасып болған еді. Ол 1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болды. Қазақ тілі осы мемлекеттің түпкілікті тұрғындары қазақтардан басқа Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия мемлекеттері мен ТМД-ның Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан сияқты республикаларында тұратын қазақтардың да ана тілі. Қазақ тілі батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады. Бұл тармаққа кіретін тілдер – қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, Қырым татары, қарашай, балқар, құмық және т.б. тілдері.

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Қазақ тілінің байлығы, көркемдігі ауыз әдебиетімізден, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясынан, би-шешендердің сөздерінен, Махамбет, Дулат, Мұрат толғауларынан бастап байқалды. Тіліміздің жана көркемдік деңгейге жетуіне Абай ұлы үлес қосты. Қазақ тілінің көркемдік байлығын арттыруға М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің, одан беріде М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, С. Мұратбеков, Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, М. Шаханов, Ұ. Есдәулет, Е. Раушанов т.б. қаламгерлердің еңбектері ерекше. Тіліміздің көпқырлылығы мен икемділігі баспасөз тілінен, ғылыми, іскери стильдерден анық байқалады. Қазіргі кезде қазақ тілінде көптеген салалық сөздіктер, синонимдер, фразеологиялық, түсіндірме сөздіктер көптеп жарық көруде. Осылардың барлығында тіліміздің тереңдігі мен мазмұндылығы, жалпы байлығы көрініп жатыр. Тіл–әрбір ұлттың тарихы, мінезі, болмысы, кәсібі, дүниетанымы,